

мемлекетті - Қазақстан Республикасын құрып жатқан қазіргі жастарымыз үшін тамаша үлгі-өнеге болып табылады.

МӘҢГІ ӨШПЕС ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ – Ш.УАЛИХАНОВ

Жиенбаева М.А.

Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, №206 мектеп-гимназиясы
тарих пәнінің мұғалімі, сарапшы

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (шын есімі Мұхаммед Қанафия 1835 - 1865жж) — қазақтың ұлы ғалымы, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы [1].

Қазақ тарихында Ш.Ш.Уалихановтың алар орны айрықша. Себебі қазақтан шыққан тұңғыш жас ғалым, талантты этнограф өз заманының майталманы болған. Сонау қылышынан қан тамып тұрған қилы заманда ұлт жанашыры ғана емес сонымен қатар, ұлт тарихы мен этнографиясына елеулі еңбектер жазған. Ұлт тарихын зерттеп қана қоймай, Қазақстанның саяси жер көлемін масштабты картаға түсіріп кеткен ұлы географ. Ал еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздік алғаннан кейін шекараны құжат ретінде белгілеп, нақты бекітті.

Астыртын саяси жолмен 1856 жылы полковник М.М. Хоментовский басқарған әскери-ғылыми Ыстықкөл экспедициясына қатысып, қырғыз елін жете жіктеген. Қырғыздар мен Ұлы жүз қазақтарының тарихы мен өмірін, этнографиясын мұқият зерттеп, мәліметтер жинайды. Ұлт тағдырының көрінісі тіл демекші, ауыз әдебиетінің нұсқаларын жазып алады. Әлем ғалымдары арасында тұңғыш рет «Манас» эпосының ең шұрайлы бөлігі «Көкетай ханның ертегісі» жырын жазып алады. Ш.Уәлиханов 1856 жылы аса көрнекті ғалым, белгілі географ П.С. Семенов-Тян-Шанскиймен танысып, 1857 жылы орыс ғалымының ұсынуымен Орыс географиялық қоғамының толық мүшелігіне қабылданады. 1858-1859 жылдары Шоқан атақты Қашғария сапарына барып, теңдесі жоқ мәліметтер жинастырып қайтады. 1860 жылы Санкт-Петербургте орденмен марапатталып, әскери шені де жоғарылайды. Оны орыс патшасы II Александрдің өзі қабылдап, осы кездесу кезінде Шоқан патшаға орыс шенеуніктерінің қазақ халқына жақсы қарауы жайлы өз өтінішін батыл жеткізеді. [2] Петербургте болған кезінде 1859-1861 жылдары әр түрлі әскери және ғылыми мекемелерде жұмыс істейді. Бірақ денсаулығының нашарлауына байланысты Отанына оралуға мәжбүр болған. Ол Омбыға барып, даладағы жергілікті басқару ісін қайта ұйымдастыру жөніндегі шараларға қатысып, сұлтандар билігінің осал тұстарын да жасырмай айтқан қайсар, талантты ғалым. Оның негізгі ойлары

«Қырдағы мұсылманшылық туралы», «Қырғыздардың көші-қоны туралы», «Сот реформасы туралы жазбаларда» кеңінен баяндалады. Шоқанның шыққан шыңы мәдениетке қосқан үлесі, ұлт тарихына тигізген ықпалы орасан зор.

«Оның бойында тарихшының, географтың, әдебиетшінің, тіл білімін зерттеушінің және жауынгердің таланты үйлесім тапты. Пенде атаулыда сирек кездесетін ұлы талант оған шынайы достарды сыйға тартты», – деп жазады Олжас Сүлейменов. Осы сөздерден-ақ Шоқанның адал дос, мейірбан замандас болғандығын айтуға болады. Әр уақыттың әр кезеңінде халықтың біртуар данышпандары дүниеге келген. Ғылым оқып білгенше, тыным, тыныштық таппаған Шоқан небәрі 30 жасында тарихи-мәдени, этнографиялық зерттеулер жүргізіп, осынау мақатанарлық дүниелерді жасап кеткен. Дүниені кезіп көргенше, рахат іздеп жатпаған. Құйрықты жұлдыз секілді, артынан із қалдырған атақты ғалымның мін тағар мінезі болмады. Данышпан ақын Абай Құнанбайұлы айтқандай Шоқан қысқа ғұмыр кешсе де, көмбе көкірегіне көп нәрсені түйген болатын. Тіпті өзі ауруға шалдыққанын білсе де, соңғы демі шыққанша халқына адал қызмет атқарып кеткен дара ғалым [3]. Шоқан 1865 жылдың сәуірінде қайтыс болады. Оның сүйегі Алтынемел тауының баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылған. Бүгінде жас ғалымның тұрған үйі мұражай етіліп, тума тарихын білгісі келген әрбір қазақ танысатын қасиетті мұражайға айналған [4].

«Рухани жаңғыру аясындағы Ш.Ш.Уалихановтың тарихи-мәдени мұрасы» халқымыздың осындай перзенттерінің болғандығын дәлеледейді. Бабадан қалған сара, дара жолды жалғастырушы Шоқан өзінің тарихи тамырының өз атасы Уәли Орта жүздің ханы болған, арғы атасы Қазақ Ордасының Ұлық ханы Абылайдың аяқталмаған арман-тілектерін орындап кетті. Ең бастысы ұлттың шекарасын тайға таңба басқандай сызып, дәлелдеп кеткен. Ендеше Шоқан салған сара жол, Шоқан салған дара жол, Шоқан шыққан шың біздің келешек ұрпақтарымыздың, бүгінгі біздің, қазақ ұлтының мақтанышы. Ел тағдырына, тарихына, рухани жаңғыруына өзінің тарихи-мәдени мұрасын қалдырған, мәңгі өшпес жарық жұлдызы - Ш.Ш.Уалихановтың еңбектері баға жетпес қазына. Осы тарихы терең, құнды деректеріміздің ұлағатын келер ұрпаққа дәріптей білейік!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жетісу энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004 жыл. — 712 б. [ISBN 9965-17-134-3](#)
2. Шоқан Уәлиханов - шығыстанушы, Р.Б.Сүлейменов, В.А.Моисеев, "Ғылым" баспасы, Алматы, 1985 жыл
3. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, [ISBN 5-7667-2949-9](#)
4. Шоқан Уәлихановтың 185 жылдығына арнайы дөңгелек ...[bilimdinews.kz](#) >